



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары – «Nur Otan»
партиясының фракциясы мен
Қазақстан халқы Ассамблеясының
мүшелеріне
(тізім бойынша)**

2021 жылғы 17 ақпандағы № ДС-51

Құрметті депутаттар!

Сіздердің жерасты суларына салынатын пайдалы қазбаларды өндіру салығының (бұдан әрі – ПҚӨС) мөлшерлемесін азайту бөлігінде 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 748-бабының ретроспективті күшіне енуіне қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

2017 жылғы 25 желтоқсандағы Салық кодексіне сәйкес жер қойнауын пайдаланушы өндірген және оның Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасына сәйкес туристерді орналастыру орындарын пайдалану үшін қолданған жерасты суының әрбір текше метрі үшін 0,003 АЕК мөлшерінде төмендетілген ПҚӨС мөлшерлемесі көзделген.

Бұл норма 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап, яғни 2017 жылғы 25 желтоқсандағы жаңа Салық кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданылуда және тиісінше 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

2016 және 2017 жылдары туындаған құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Заңымен күші жойылған 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Салық кодексінің ережелері қолданылады, онда салық төлеушілердің жоғарыда аталған санаттары үшін жерасты суларына арналған ПҚӨС мөлшерлемесі өндірілген жерасты суының 1 текше метрі үшін 1 АЕК мөлшерінде белгіленген.

Осылайша 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Салық кодексінің ережелеріне өзгерістерді ретроспективті енгізу мүмкіндігі жоқ, себебі 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап оның күші жойылған.

Ә. Смайылов

**Депутатам
Мажилиса Парламента Республики
Казахстан – членам
фракции партии «Nur Otan»
и Ассамблеи народа Казахстана
(по списку)**

На № ДС-51 от 17.02.2021 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш запрос касательно ретроспективного вступления в силу статьи 748 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) от 25 декабря 2017 года в части снижения ставки налога на добычу полезных ископаемых (далее – НДСИ) на подземные воды, сообщая следующее.

В соответствии с Налоговым кодексом от 25 декабря 2017 года для подземной воды, добытой недропользователем и использованной им для эксплуатации мест размещения туристов, в соответствии с законодательством Республики Казахстан о туристской деятельности предусмотрена пониженная ставка НДСИ в размере 0,003 МРП за кубический метр.

Данная норма действует с 1 января 2018 года, то есть с даты введения в действие нового Налогового кодекса от 25 декабря 2017 года и, соответственно, распространяется на правоотношения, возникшие с 1 января 2018 года.

На правоотношения, возникшие в 2016 и 2017 годах, распространяются положения Налогового кодекса Республики Казахстан от 10 декабря 2008 года, утративший силу Законом Республики Казахстан от 25 декабря 2017 года, где для вышеуказанной категории налогоплательщиков ставка НДСИ на подземные воды устанавливалась в размере 1 МРП за 1 кубический метр добытой подземной воды.

Таким образом, ретроспективное внесение изменений в положения Налогового кодекса от 10 декабря 2008 года не представляется возможным, так как он утратил свое действие с 1 января 2018 года.

А. Смаилов

Исп. Д. Жумабаев

Тел. 75-00-42, d.zhumabaev@ukimet.gov.kz